

*Нұрбану Камалова¹**

¹С.Демирел атындағы университеті, Қаскелең қаласы, Қазақстан

*e-mail: 211301016@stu.sdu.edu.kz

ЖҰМАБАЙ ШАШТАЙҰЛЫ ПОВЕСТЕРІНДЕГІ ЭЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІ

Аннатація. Мақалада жазушы Жұмабай Шаштайұлының шығармаларындағы әйелдер образына талдау жасалды. «Аспанқора повесіндегі Ханымқұл образы мен Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесіндегі Шолпанның образына салыстырмалы талдау жасалып, образдардың типологиялық ерекшеліктері, жасалу жолдары анықталды, кейіпкер характерін сомдаудағы автордың мотивтері, үстанымы анықталды. Аталған повестегі Қаламқас образы және «Құралайдың салқыны» повесіндегі Қадірсіздің образына талдау жасалып, олардың дәстүрлі қазақ әйелдерінің келбетін сомдайтын типтік бейне екені дәлелденді.

Түйін сөздер: проза, повесть, әйелдер образы, типтік бейне, қазақ әйелі

ХХ ғасырдағы қазақ прозасында ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре білген, қашан да қындыққа мойымай, адами биік болмысын сақтап, парасаттылығымен ерекшеленген әйелдер образдары арқылы қазақ әйелдерінің тұтас бір келбеті жасалды деуге болады. Сонымен қатар әйел затының ішкі жан-дүниесін жан-жақты ашуға ұмтылып, қазақ қоғамындағы әйелдер бейнесін өзге қырынан суреттеген авторлардың шығармаларына да, қазақ прозасы, әу бастан кенде емес. Мұндай шығармаларға М.Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі», Ж.Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы», М.Әуезовтың «Қаралы сұлуы», «Кінәмшіл бойжеткені» сияқты т.б. бірқатар шығармаларды жатқызуға болады. ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі әйелдер бейнесін ғалымдарымыз біршама зерттеп, бірқатар енбектер жазғаны белгілі. Ал Тәуелсіздіктен кейінгі қазақ прозасындағы әйелдер бейнесі қандай, қазіргі прозадағы әйел образдары қай қырынан көбірек суреттелуде деген мәселе бүгінгі күні өзекті болып отыр. Тәуелсіздіктен кейінгі қазақ прозасында М.Әуезовтың Зересі мен Үлжанындағы биік парасат-пайым иелері болған әйелдердің образдары бар ма, М.Жұмабаевтың Шолпаны тәрізді кейіпкерлер болса, олардың ішкі жан дүниесіндегі қалтарыстары қаншалықты деңгейде ашылған, жалпы, бүгінгі күндеңі қазақ прозасындағы қыз-келіншектеріміз, әйел-аналарымыз оқырманға несімен құнды деген сауалдарға жауап беру – бүгінгі

әдебиеттану саласындағы міндеттердің бірі. Осы міндет тұрғысынан келіп, бүгінгі мақаламызда қазақ прозасында өзіндік қолтаңбасы бар жазушы Жұмабай Шаштайұлының «Аспанқора», «Құралайдың салқыны» повестеріндегі әйелдердің образдарын зерттеп-зеделедік.

«Аспанқора» повесіндегі Ханымкул бейнесі М.Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесіндегі Шолпанды еске түсіреді. Мұның себебі, олардың күнәлі іске баруы және екеуінің де ұзақ уақыт бала сүйе алмауы. Алайда бұлар бір-біріне ұқсас типтік образдар болғанымен, олардың ерекшеліктері көп.

Шолпан – шығармадағы басты кейіпкер, әңгіме Шолпанның күнәлі іске баруындағы себеп-салдарды, психологиялық жай-күйді ашуға құрылған. Оның мұндай қадамға баардағы ішкі жан күйзелісі жан-жақты ашып көрсетілген. Шолпан Құдай қосқан қосағын жан-тәнімен сүйді, алғашында оған адап болды, махаббатына адалдығы сонша, тіпті, қазақ әйелдері үшін өмірдің мәні болған баланы да керек етпеді. Кейіннен бұл махаббатың баянсызыдығын, «баласыз үйдің қу мазар» екенін түсінген сәттен бастап, бала сую енді оның өмірлік мұратына айналды. Кейіннен оның Әзімбайға бауыр басып қалуының себебі де әңгімеде ашып көрсетіледі. «...Ердің әруағы басса, әйел адамдықтан шығып, жоққа айналады. Есінен айрылады. Тілі байланады. Ол уақытта мұндай әйелдің ердің көнгіш күні болуында еш дау жоқ. Шолпан осындағы әйелдің бірі еді. Жанынан денесі, денесінен жаны айрылмайтын. Кімге берілсе де, жан-денесімен түгел берілетін әйел еді. Әзімбайға денесін уақытша беріп, жанын аман алып қаламын деп ойлады. Бірақ ой мен ісі бір-біріне қабыспады»[1]. М.Жұмабаев кейіпкерінің образын аша тұсу үшін осындағы авторлық баяндаулар арқылы Шолпан күнәсінің себебін психологиялық аспектіден қарастырады.

Ханымкулге келсек, біріншіден, шығарманың басты тақырыбы – Ханымкулдің күнәсі емес, Атанның қайсаrlығы, атамекен – Аспанқорага деген махаббаты. Содан кейін ерлі-зайыптылық өмірдің алғашқы кезеңдеріндегі екеуара аяулы сезімдерді, ыстық ықыласты тұрмыстауқыметінің қалай өзгертіп, басқа арнаға салып жіберетіндігі шебер суреттелген. Өуелде Ханымкулдің Атанға деген көнілі тұзу болды. Шығарманың басында кейіпкер жағымды образда суреттеледі. «Қараторының әдемісі Ханымкул қарақаттай тұнық, құлім көзі жайнаң қағып, кісінің ынтығын құртады. Үй мен тұздің тіршілігін сылан қаға шыр айналдырып, дәңгелетіп әкетті...», «...Жаратылысынан ашық-жарқын әйелі сықылықтап құліп, Атанның мойнына асылған сәтте жетегіне еріп кететінін сезбей де қалатын» [2, 6-б.].

Аспанқорага қой бағуға барып, тұрмыс-тіршілік қындағы түскенде Атанның кемдігінің көзге айқын көріне тұсуі Ханымкул екеуінің арасын алшақтата бастайды. Атан жалғыз қолымен шелектегі суды флягтарға құя алмай, кемдігіне налып тұрган сәтте әйелінің ойындағы өзгерісті байқайды: «Үйленгелі бері әйелінің бет-жүзінен мұндай сүмдықты анғармап еді. Алдындағы тік өрден көз алмай жүқалтаң ернінің қанын

шығаралындағы қырқа тістеп алған Ханымкүлдің қарақат көзінде өміріне деген ренішпен аралас, әйел баласына тән астарлы сыр жатқан сияқты. Өткен өмірінің қызыуына бой жылытып, қызығына қанып, енді мынау өзінің қол-аяғы балғадай жастық өмірінің нарқын түсірмейтін, бүтіндей басқа харекет аңсаған ұшқын көзінен анық сезіледі» [2, 8-б.]. Ендеше, Ханымкүлдің күнәға бастаған – Шолпанандікі сияқты «ізгі арман» – бала сүю емес, өзі типтес әйелдерге тән қарапайым пенделік.

Ханымкүл образын ашуда автор қобіне екеуара диалогқа сүйенген. Келіншектің жүргегіндегі ой-арманы, қүйеуіне көңілі толмайтындығы және соны жасырмай айтып салатын асau мінезі оның Атанды үнемі өзге ер-азаматтармен салыстыра беруінен көрінеді. Қасымжомартпен ғана емес, әшейінде өзі жаратпайтын Сайлаубаймен де салыстырып, «Сенен Сайлаубай досыңың бір артықшылығы, әйеліне отынды үйіп тастайды» деген сөзді қүйеуінің бір қолын соғысқа бергенін біле, көре тұра айтуы – Ханымкүл бейнесін, тіпті, аласартып жібергендей. Ол – көптеген қазақ шығармаларыдағыдан еріне мойынсұнған, дана да, парасатты әйел емес, керісінше, қолайлы сәт туғаннан ерін мұқата сөйлеуге дағдыланып алған, долы әйелге айналған еді. Шығарманың шарықтау шегінде, Шолпан ұн-тұнсіз күнәсін мойнымен көтеріп, қүйеуінің соққысы мен тепкісіне қарсылық көрсетпей көнсе, Ханымкүл «басын сілкіп қалып, қүйеуіне тіке, шабына сөйлейді».

« – Негып тұрсың, ұр, өлтір!», – дейді. Міне, осы ерекшеліктердің бәрі Ханымкүл мен Шолпанның күнәсі бірдей болғанымен, оларлдың өзіне тән мінезі, өзіне тән ерекше қаиеттері бар екенін көрсетеді. Мағжан Жұмабаев XX ғасырдағы қазақ әдебиетінде қалыптасқан «ары тапталған қазақ қызының адам болып жер басып жүруге қақы жоқ» дейтін қатаң мотив бойынша шығарманы Шолпанның өлімімен аяқтаса, Жұмабай Шаштайұлының шығармасында Ханымкүл басқа қүйеуге тиіп, екі бала сүйіп, онымен қоймай, Атан оның сол «бақытты» өмірін өз көзімен көреді. Академик Зейнолла Қабдолов: «Типтендіру проблемасы секілді типтің өзі де тым кесек һәм күрделі нәрсе. Неге десеніз, мінез, бітім, әрекет, ұғым, рух, парасат жағынан байыптап қарасақ, нағыз суреткердің қолынан туған әрбір әдеби тип – әрі әбден жинақталған, сондықтан өзі секілділердің бәріне ұқсайтын жалпы тұлға, әрі әбден дараланған, сондықтан, өзінен өзге ешкімге ұқсамайтын жалқы тұлға» [3, 106-б.], – дейді. Біз айтып отырған келіншектер де ел арасында кездесіп жататын типтік бейнелер болғанымен, мінез-құлықтары, ішкі ұстанымдары ерекше дараланған жеке тұлғалар. Рухани биіктікті ішкі ұстанымға қарай өлшеуге болатын болса, Шолпан Ханымкүлге қарағанда жоғары тұрған образ деуге болады. Себебі, Шолпанның бұл іске барадағы мотиві, себеп, сылтауы ашып айтылған. Шолпанды қажеттілік, шарасыздық бұл іске итермелегені нақты суретtelген, ал Ханымкүлде ондай ірі мақсат жоқ. Жоғарыда келтірілген үзінділерге қарап, оның мотиві – көңіл қалауы екенін аңғарамыз.

Осы шығармада едәуір ашылған тағы бір келіншек образы – Атанның Ханымкүлден кейін алған әйелі Қаламқастың бейнесі. Шығармада

Қаламқас портреті «Монғол кескінді, бүйрек бетті, қысыңқы көзді, дөнгеленген дембелше бетінде әлденеден тосырқау мен жүрексіну бар» жан ретінде суреттеледі. Атанның Қаламқас туралы «Басқа нобайы келіспесе де, көзі қап-қара тұнық екен» деген ойы арқылы оның асқан сұлу да еместігін, ең бастысы Атанның оған онша көнілі тола қоймағанын түсінеміз. Бірақ Қаламқас – «Ешқандай қағынды-ұшындысы жоқ», мейірімді, бірқалыпты, сабырлы жан. Қаламқастың сабырлы кейіп күйеуі орынсыз мазақ қылғанда оған «алара қарап, бүйрек бетінің шығыңқы қабақтарына дейін күреңіте ашуланғанымен», «ләм-мим деп жауапқа келмеуі» сияқты порттертік суреттеулер арқылы сомдалған.

Осы тұста екі шығармада да ер мен әйелдің қарым-қатынасының тым нәзіктігін, әйел көнілінің сәл нәрседен құлазып қалатын босандығын көрсететін ұқсас сюжеттер бар. Шолпан бала сүю үшін құлшылық жасап, Құдайға жалбарынып жүргенде Сәрсенбай оны «бірәдар» деп мазақ қылса, енді бірде «қартайғанда жорға ашатын кәрі бозға» теңеп, көнілін қалдырады. «Аспанқора» повесінде де Қаламқасты күйеуінің «Жайбасар» деп атап, мазақ қылғаны оның шамына тиеді. «Босағаны аттағалы көп айлар өтсе де, бір-бірін мінеп-жасқап, артық сөзге бармаған» бұлардың арасына алғаш рет салқындық осы сөзден кейін орнайды, соншалықты сабырлы әрі мейірімді Қаламқастың алғаш рет «тілі ұзарып», күйеуінің жан-жарасына тұз себуйне себеп болған Атанның осы бір орынсыз әзілі әлде мазағы еді. Міне, осыған ұқсас эпизодтар ер мен әйелдің қарым-қатынас психологиясын ашып көрсетеді. «Аспанқора» шығармасында әйелдердің тілі аңы, шабалана, шаптыға түсетін тәрбиесіз жан ретінде көрінуіне Атанның кемдігінен бұрын, «әйелге ықылас білдірудің жөнін» таба алмайтын томаға-тұйықтығы да себеп болған сияқты.

Ресейлік ғалым Ю.М.Лотман әйелдер образын ұш үлкен топқа бөледі: дәстүрлі (традиционная), батыр-қыздар (героини), шайтани (демонический) [4, 20-б].

Ханымқұлдің харakterіне қарап, оны осы үшінші топтағы «демонический» деп аталған типке жатқызуға болады. Өйткені, шайтани «демонический» әйелдер деп ерлер жасаған барша шарттар мен стереотиптерді батыл түрде бұзушы әйелдерді айтады. «Бұл типке орыс классиктерінің терминологиясы бойынша «ұятысыздар» (А.М.Ремезов) және «секіргіштер» (А.П.Чехов) деп аталған әйелдердің образы жатады[4, 20-б].

Ал Атанның екінші әйелі Қаламқас, керісінше, дәстүрлі (традиционная) типіндегі әйел образы. Дәстүрлі дегені ерін риясыз сүйетін, жақындары үшін жанын беруге даяр, қірғе қайғырып, бірге қуанатын, көнбіс әйелдердің образдары. Қаламқастың отбасының берекесін келтіруге ұмтылуы, ерін сыйлап, тіл ұшына келген сөзін іркіп қалуы оның осындай дәстүрлі типтегі әйелдердің бейнесін суреттейтінінің дәлелі.

Жұмабай Шаштайұлының «Құралайдың салқыны» повесі тың образдарымен ерекшеленетін шоқтығы биік шығарма. Тілінің мүкісі бар

Демеуге жар болған Қадірсіздің сырт бейнесінің қандай екені шығарманың басында нақты суретtelмейді. Тек қана: « – Апа, өзімнің де қыз тапқым келіп жүрген жоқ, ол бейбақ та мен сияқты елдің мазағына айналып, сорлайтын шығар. Жамал жеңешем балаларын қорқытқанда Қадірсіз келе жатыр дейді екен»[2, 109-б.], – деген сөзінен және «Қадірсіздің дүрдиінкі ерні», «ұясы терең көзі» деген қысқаша суреттеулерден оның сырт бейнесінің сұлу еместігін ептеп бағамдаймыз. Жауынның астында отырып, өткен өміріне көз жіберген Қадірсіздің: «Басына тартқан жаулығын ешқашан кір шалмайтын дөңгелек жүзді аққұба әйелдің шырайлы әлпеті көз алдына келе кетті. Өзіне бір ауық мұсіркей қарап: «Маңдайының бес елі соры бар қар-ау, ең құрығанда сұрың жетісіп тұрса ше, ұрғашы деген атың бар. Айналаңа қарап, бір мезгіл бойынды күтсең болмай ма?» [2, 125-б.], – деп еске алуы, «алғашқы құннен-ақ бейшара деген сөзді қара кемпір бұған қимаған екен» деген естеліктері Қадірсіздің бүкіл өмірінің өкініші мен өксігінен хабар береді.

Ене мен қайын аpanың қорлығы, жазықсыздан-жазықсыз соққыға жыққан қүйеуінің зорлығы жанына батқан Қадірсіз емізуі баласын көтеріп, бас сауғалап кеткенде қазақ даласында «Құралайдың салқыны» аталған нөсер жауынның астында қалып, құннің құркіреуі мен найзағайдан шошынып, тілі құrmelіп ауырады. Қадірсіздің жанына қүйеуінің таяғынан да гөрі тілі аңы ене мен қайын апасының ауыр сөздері қатты батады. Ұрқия келіп, жанжал шығарып, «Екі жартыкеш» деп балағаттағаннан кейінгі Қадірсіздің қүйзелісі, уайымы шығармада өте жақсы суретtelген. Сол құні танда Қадірсіз бақылық болады. Демеу әйелін жер қойына тапсырғаннан кейін ғана оның қадірін білгендей, өкіріп жылайды. Тасболаттың «О, жазған Қадірсіз-ай, есіл өмірің ырың-жырыңмен өтті де кетті» деген сөзі осы шығарманы түйінде, Қадірсіз бейнесі – есіл өмірін қорлықпен, ауыр бейнетпен өткізіп, өмірден рақат таптай өтіп кетіп жатқан талай қазақ әйелдерінің типтік бейнесі екенін айшықтай түседі. Шығарма оқырманға «Бұл Қадірсіз неге сондай қадірсіз болды? Ауылда кой бақкан қазақ әйелдерінің өмір жолы соншалықты ауыр болар ма?» деген өкінішті ой тастайды. Қазақ қоғамында отбасылық қарым-қатынас мәселесі, соның ішінде ене мен келін арасындағы мәселенің өте өзекті екені жасырын емес. Бұл шығарма кейіпкерлерінің өмірін қынданатқан мәселе сырттан, көлденеңнен келген апат, не басқа бір мәселелер емес, өз ара түсініспеушілік, сыйластықтың жоғы. Қойына қасқыр тигенде, Демеу «Енді әпкеме не айтамын?» деген ойдан сабырынан айрылып, Қадірсізді сабап тастайды. Кейіннен сол сэтте Демеу үшін ақырзаман орнағандай көрінген мәселе оңай шешіліп, ел-жұрты қасқырға жем болған қойының орнын толтырып береді. Осы сюжеттің өзі бұл шығармада көтерілген негізгі мәселе – қойға қасқырдың шабуы да емес, Демеудің тілінің мұқістігі де емес, әу бастан дұрыс жолға қойылмаған, келіннің түсуімен шиелене түскен отбасылық қарым-қатынас мәселесі екенін көрсетеді.

Жұмабай Шаштайұлы өзінің шыншылдығымен ерекшеленетін жазушы. Баспасөз құралдарына берген сұхбаттарында да ағынан жарылып,

өзінің жетістіктеріне қоса, кемшін қалдым дейтін тұстарын ашық айтатынын байқалады. Автордың шығармаларындағы кейіпкерлер де өзі сияқты шынайы. Атан мен Ханымкүл де, Қаламқас та, Қадірсіз де қазақ қоғамында бар кейіпкерлер. Бұл әйелдердің кейде тым қарабайыр, жұпыны көрінетіні де автордың кейіпкерге романтикалық сипат беруден қашқақтап, мейліншешінайы жазуды қалағанынан болар деген болжамымыз бар. Автор өз шығармаларындағы кейіпкерлердің іс-әрекетіне түсініктеме беріп, оларды не ақтап, не даттап жатпайды. Жазушылық бейтараптық деген де шығарманың бәсін арттыра尔 бір артықшылық десек, бұл тұрғыдан келгенде Жұмабай Шаштайұлының жоғарыда біз атап өткен шығармаларының бәсі жоғары. Бұл туралы әдебиетші ғалым Айгүл Ісімақова Ж.Шаштайұлымен бірге бірқатар жазушыларды атай келіп: «Аталған жазушылар өз кейіпкерлерін әдеттегідей дайын үлгідегі идеялар мен ұрандар құрсауынан құтқарып алғысы келеді» [5, 268-б.], деп жазады. Шынында да, кейіпкерлерін идеялизациялаудан қашып, мүмкіндігінше шынайы, табиғи қалпында жазуы Ж.Шаштайұлының образ сомдаудағы ерекшелігі деп атауға болады.

Әйелдер тақырыбын өз шығармаларына арқау еткен француз жазушысы Ги де Мопассан туралы «ол жазған әйелдер – қоғамның ауруы мен адамның соған бейімделуін өз өмірімен дәләлдеп беретін әйелдер» [6, 5-б.], – деген пікір бар. Негізі кез келген типтік образдың өзі қоғамда қалыптасқан проблемаларды ашып көрсетуге қызмет ететіні белгілі. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде қоғамның келбетін ашып көрсетуге, қоғамда қалыптасқан мәселелерге тереңнен үнілуге мүмкіндік беретін Ханымкүл, Қадірсіз тәрізді образдардың әдебиетте алар орны ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Жұмабаев М. Шолпанның күнәсі. Әдебиет порталы (adebiportal.kz)
- 2 Шаштайұлы Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар / Жұмабай Шаштайұлы. Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2010. Т.1. Тау мен дала. Повестер мен әңгімелер. – 360 б.
- 3 Қабдолов Қ. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2007. – 360 б. В.Н.Кардапольцева. Женщина: хозяйка, героиня, муз. (о стереотипах женского поведение). Вестник ТГУ, выпуск 4, 1999
- 4 Ісімақова А.С. Асыл сөздің теориясы. – Алматы: «Таңбалы», 2009. – 376 бет.
- 5 Адилбекова Ж. Қазіргі қазақ прозасындағы әйел-Ана бейнесі. (О.Бекей, Ф.Оңғарсынова, Ш.Бейсенова прозалары негізінде). Автореферат.

References

1. Jūmabaev M. Şolpannyň künäsi. Ädebiet portaly (adebiportal.kz)
2. Şaştaıuly J. Ekı tomdyq tañdamaly şygarmalar / Jūmabai Şaştaıuly. Almaty: «An Arys» baspasy, 2010. T.1. Tau men dala. Povester men äñgimeler. – 360 b.
3. Qabdolov Q. Söz önerı. – Almaty: «Sanat», 2007. – 360 b.
4. V.N.Kardapölseva. Jenşina: hozäika, heroinä, muza. (o steorotipah jenskogo povedenie). Vestnik TGU, vypusk 4, 1999
5. Isimaqova A.S. Asyl sözdiň teoriasy. – Almaty: «Tañbaly», 2009. – 376 bet.
6. Adilbekova J. Qazırğı qazaq prozasyndaý äiel-Ana beinesi. (O.Bökei, F.Oñgarsynova, Ş.Beisenova prozalary negizinde). Avtoreferat.

Nurbanu Kamalova¹

¹Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan

*e-mail: 211301016@stu.sdu.edu.kz

THE IMAGE OF WOMAN IN THE WORKS OF DZHUMABAY SHASHTAYEV.

Abstract. The article analyzes female images in the works of the author Zhumabay Shashtayevich. A comparative analysis of the image of Khanymkul in the story «Aspankora» and the image of Sholpan in the story of Magzhan Zhumabayev «The Transgression of Sholpan» is carried out, typological features of images, ways of their creation are revealed, motives and the author's position in creating the character of the character are determined. The image of Kalamkas in this story and the image of Kadirsiz in the story "Saigachonochya coolness" (cold wind at the end of May) was analyzed and proved that they represent a typical image of traditional Kazakh women.

Keywords: prose, novel, female image, typical image, Kazakh woman.

Нурбану Камалова¹

¹Университет имени Сулаймана Демиреля, Каскелен, Казахстан

*e-mail: 211301016@stu.sdu.edu.kz

ОБРАЗ ЖЕНЩИНЫ В ПОВЕДИЯХ ДЖУМАБАЯ ШАШТАИУЛЫ

Аннотация. В статье проведен анализ женских образов в произведениях писателя Жумабая Шаштаевича. Проведен сравнительный анализ образа Ханымкуль в повести «Аспанкора» и образа Шолпан в повести Магжана Жумабаева «Прегрешение Шолпан», выявлены типологические особенности образов, пути их создания, определены мотивы, и позиция автора в создании характера персонажа. Был

проанализирован образ Каламкас в этой повести и образ Кадирсиз в повести «Сайгачоночья прохлада» (холодный ветер в конце мая) и доказано, что они представляют собой типичный образ традиционных казахских женщин.

Ключевые слова: проза, повесть, женский образ, типичный образ, казахская женщина.

Келіп тұсті 24 Наурыз 2023